

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

прецеденттік феноменнің ұлттық ерекшелігі олардың қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарына негізделген және саяси мәтін жасаушының шындықты интерпретациялауының негізінде жатқан мәдени үлгілерге қосылуымен байланысты.

Сонымен, саяси дискурстың прагматикалық әлеуетін когнитивтік негізделуінің арқасында арттыра түсетін саяси бейненің ұлттық құндылық бағдарлары саяси көшбасшы сөзіндегі құнды мәдени белгі ретінде қоғамдық-саяси құндылықтардың орнығуына және нығаюына ықпал етеді, ұлттық мәдени бағдарларды айқындайды, қазақстандық қоғамда қабылданған әлеуметтік-мәдени мінез-құлық жүйесін құрылымдайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Чудинов А.П. Политическая лингвистика/Чудинов А.П. – М.: ФЛИНТА. Наука, 2006. – 370 с.
2. Соколовская Т.Б. Языковая личность политического лидера: На материале газет новейшего времени. – 2002. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.dissercat.com/content/yazykovaya-lichnost-politicheskogo-lidera-na-materiale-gazet-noveishego-vremeni>
3. Аманбаева Г.Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика: автореф. ... дисс. ... докт.фил.наук: 10.02.19. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2005. – 40 с.
4. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки, 2001, № 1. С.64-72.
5. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. М: УРСС, 2004.
6. Прохоров Ю.Е. Коммуникативное пространство речевой личности // Виноградовские чтения: когнитивные и культурологические подходы к языковой семантике. М., 1999. С.40-45.
7. Филинский А.А. Критический анализ политического дискурса предвыборных кампаний 1999-2000 гг.: дисс. ... канд. филол. наук. Тверь, 2002. 163 с.
8. Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагматикалық аспектісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4-5 (150-151). – Алматы, 2014. – 289-293 бб.
9. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
10. Ахатова Б.А. Политичкий дискурс и языковое сознание: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
11. Блакар, Р. М. Язык как инструмент социальной власти / Р. М. Блакар // Язык и моделирование социального взаимодействия. - М. : Прогресс, 1987. - С. 88-120.
12. Жумагулова В.И. Национально-культурная специфика политических мифологем в структуре языковой личности казахстанского политика. – 2007. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalno-kulturnaya-spetsifika-politicheskikh-mifologem-v-strukture-yazykovoy-lichnosti-kazahstanskogo-politika>
13. Гайнуллина Н.И. Языковая личность Петра Великого: Опыт диахронического описания. Алматы, 2002.
14. Касьянова К. Если Магомет не идет к горе... // Знание - сила. 1992. № 1. С. 15-23.

ӘОЖ 81`373.2

КІСІ АТТАРЫНЫҢ ДҰРЫС ЖАЗЫЛУЫ МЕН АЙТЫЛУЫ

Төленжанова Ұ. Д.

uldai170203@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аты – patronim (отчество), тегі (фамилия), лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы. Академик Әбдуәли Қайдар есімдердің қоғамдық-әлеуметтік маңыздылығы туралы: «Адам баласының жер бетінде қауымдаса өмір сүре бастаған бағзы замандардың өзінде өзара араласып, қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындаған өркениетті дәстүрдің бірі – бір-біріне ат қойып, айдар тағу. Онсыз адамдардың қауымдаса, ұйымдаса тіршілік етуі, табиғаттың сырын ұғынып, тылсым күшіне қарсы тұруы мүмкін емес еді», - деп жазған [1].

Қазақ халқының кісі есімдері олардың наным-сенімдерімен, әдет-ғұрыптарымен байланысы жөнінде сонау ХІХ ғасырдың өзінде Шоқан Уалиханов былай деп жазған болатын: “Ырым, яғни әдет-ғұрып деп – алдын-ала бір нәрседен хабар беру тұрғысында орындалатын салтты айтады. Мәселен, ұлды болмай, үнемі қыз көретін ата-ана өзінің соңғы туылған қызына Ұлтуған деген есім береді, мұның өзі кейінгі перзентінің ұл болсын деген үміт-тілегінен туындайды” [2, 163 б.]. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесі қазақ этносының мың ғасырлық тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, халықтың дүниетанымымен тығыз байланыста, сабақтастықта болып келеді. Е.Ә. Керімбаевтың пікірінше: “Әр халықтың онимиясында мәдени-тарихи ақпарат жинақталған, қоғамның мәдени тарихына байланысты жалқы есімнің ерекшеліктерін және типологиялық ұлттық мәдени өзгешеліктерін зерттеу ономастикаға түбегейлі өзгеріс әкелетін бағыт болу керек” [3, 14 б.].

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Сонымен қатар, халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тозбас желі бар. Кісі аттарына байланысты жиналған мыңдаған мысалдарға қарасақ, олардың әр кез, әр дәуірге тән екенін бірден байқаймыз. Шындығында бұлай болудың өзіндік сыры бар. Өйткені әрбір кісі аты өзінің шыққан заманы мен дәуіріне, оның тілдік заңына тікелей байланысты. Соған орай олардың шығу себебін дәлелдейтін алуан түрлі тарихи жайлар мен сан қилы оқиғалар бары аян. Ұлттық мәдениеттің рухани және материалды салалары мен түрлері жалқы есімдердің этномәдени негізде қалыптасуына ұйытқы болған, сол себепті көптеген қазақ жер-су аттарының, кісі есімдерінің уәжділік танымдары мен түп-төркіні халықтың мәдени және рухани байланысында жатыр. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесі қазақ этносының мың ғасырлық тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, халықтың дүниетанымымен тығыз байланыста, сабақтастықта болып келеді [4, 9-10 бб.].

Қазақ ономастикасының тек қана бүгінгі жайы зерттеліп қоймай, оның ертедегі орта түркі дәуіріне тән жазба ескерткіштердегі ономастикадағы ғалымдардың зерттеу объектісі болды. Бұл жөнінде тілші ғалымдар А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов, Ә.Нұрмағамбетов, Ә. Қайдар, В.У. Махбиров, А.Ибатов т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап көрсетуге болады.

Қазақ тіліндегі «Қазақ антропонимикасы» Т.Жанұзақовтың еңбектерінде жан-жақты зерттеліп бірнеше ғылыми мақалалар мен көлемді еңбектердің жарық көргенін айтсақ болады. Сондай-ақ, қазақ антропонимикасы Е.Б.Бекмұхаметов, Н.Оңдасынов, Л.З.Рүстемов, Ә.Қайдаров, Ә.Мұқатаева т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды.

Бүгінгі күнде кісі есімдерінің бұрмаланып айтылуы мен жазылуы, орыс, ағылшын тілдерінің ықпалымен адамның төлқұжатында қате берілу құбылысы белең алып бара жатыр. Сондықтан орта мектепте қазақ тілін оқытуда жоғарыда аталған ғылыми еңбектерге сүйеніп, теориялық білім берумен қатар, оқушыға сыни ойлауын дамытатын тапсырмалар берудің де маңызы зор. Ол үшін кісі есімдерімен байланысты өзекті мәселелерді өзіміз анықтап алуымыз керек.

Адамның атының аталуы мен жазылуында қателік болуы өте өзекті мәселе. Оны мектепте ономастика, антропонимика салаларынан берілетін білім мазмұнында шешудің

жолдарын қарастыру қажет. Сондықтан осындай күрделі мәселені оқушыға жеткізу, дұрыс түсіндіру мақсатында бірнеше интерактивті тапсырмалар жүйесін құрастырдық.

Тапсырмаларды орындар алдында оқушыға келесі проблемалық сұрақтар қойылады:

1. Сенің есіміңді басқа адамдар айтқан немесе жазған кездерде қандай да бір проблемалар туындай ма?

2. Адам есімін дұрыс айту мен жазудың маңызы қандай деп ойлайсың?

3. Өз есіміңнің мағынасын қаншалықты дұрыс білесің?

Аталған сұрақтар оқушының сыни тұрғыдан ойлануына, кісі есімдерінің мәніне, дұрыс айтылып, жазылуына назарын шоғырландырып, шешу жолдарын қарастыруына ықпал етеді деп санаймыз.

Көбіне қазақтар ырымдап ат қойған. Мысалы, ертеректе бала туысымен ең алғаш кездескен кісінің атын қою дәстүрі болған. Мұны жақсы ырымға балаған. Сәбиге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен мағынасы ерсі немесе сиқысыз есімдерді қойған. Тапсырманың басты көздеген мақсаты балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Ұмыт болған, көп айтылмай жүрген ырымдарды еске түсіру. Төменде кісі есімдерімен қатар халқымыздың ырымдары берілген. Яғни, есімдердің қандай ырымға байланысты қойылғанын анықтау да маңызды. Келесі тапсырма сол мақсатты көздейді.

1-тапсырма. Кісі есімдері мен ырымдарды сәйкестендір (1-сурет).

Қазақтарда сонымен қатар өзге халықтардан сіңген есімдер өте көп. Айтылуы да, естілуі де әдемі, өзге тілде жақсы мағына беретін есімдерді қою соңғы жылдары кең танымал. Кісі есімдерінің шығу тегін біліп, тануға бағытталады.

1-сурет. Кісі есімдері мен ырымдарды сәйкестендіру тапсырмасы

2-тапсырма. Басқа тілден енген есімдерді анықта (2-сурет).

Тілімізде басқа тілдерден кірген есімдер көптеп кездеседі. Олардың жазылуында да бірізділік жоқ. Осы мәселеге назар аударта отырып, келесі тапсырма ұсынылады.

Нәзіла	Ораз	Мұхит	Самға	Ғани	Шығай
Қарағез	Дина	Едіге	Шәріп	Арман	Рүстем
Манас	Данияр	Шолпан	Ажар	Ағабек	Ару
Ықылас	Әмина	Бөкей	Жәния	Қадір	Қуандық

2-сурет. Кірме есімдерді табу тапсырмасы

3-тапсырма. Берілген суреттер арқылы кісі есімдерін құрастыр (3-сурет).

Суретке қарап, адам аттарын құрастыру, ойын ойнау арқылы, адамның көңіл-күйі көтеріледі, әрі жаңа есімдер үйрене алады.



3-сурет. Адам есімдерін құрастыру тапсырмасы

Адамның есімі дүниеге келген кезде оған беріліп, өмір бойы өзімен бірге өмір сүретін, өзінен кейін де өмір сүре алатын қасиетке ие. Адамға деген құрмет, сыйластық адаммен дұрыс сөйлесу, адамның атын сауатты айтумен басталады. Қазіргі уақытта кісі аттарына аса назар аударып, мағыналы ат қойып, оның дұрыс жазылып, дұрыс айтылуын назарға алу қоғамдағы аса назар аудару керек мәселе. Ақпараттың, технологияның қарқынды дамыған заманында және елімізде болған қашықтықтан оқытудан кейін көптеген оқушылардың орфографиялық қателіктері көбейді.

Қазіргі заманда, кісі аттарының қате айтылуын, кейбір дыбыстардың толыққанды қосылып айтылмауын көптеп кездестіреміз. Есімдерді бұрмалап, орыс, ағылшын тілдерінің ықпалымен адамның төлқұжатына қате жазу құбылысы да белең алып бара жатыр. Адамға тағдырынан бұйырған, адамды өзіндік тұрғыдан ерекшелендіретін атының аталуы мен жазылуында қателік болуы қазіргі таңда өте өзекті болып отыр. Сондықтан осындай мәселені оқушыға жеткізу мақсатында құрылған тапсырмалар жүйесі маңызды деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения // Под ред.акад. АН Каз ССР А.Х. Маргулана. – Алма-Ата, 1958. – 163 б.

3. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах – Алматы, 1995. – 248 б.
4. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, – 250 б.

ӘӨЖ 801

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ КҮРДЕЛІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ

Хусаинова Н. Е.

nurgul_khussainova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С. Шоқабаева

Күрделі жер-су атауларын зерттеудің кең географиясы, объектілерді сипаттаудың әртүрлі принциптері, терминология мен теориялық тұжырымдамалардың әртүрлілігі топонимдерді этно-тарихи және лингвистикалық сипаттаудың қатаң жүйесі болмаған кезде әрдайым тиімді бола бермейді. Топонимдердің сөзжасамдық тәсілдері пікірталас тудырады. Бұл түрді зерттеу тілдің сөзжасамдық мүмкіндіктерін арнайы ғылыми зерттеу тұрғысынан жалпы теориялық лингвистика үшін өте пайдалы. Осылайша, тарихи лингвистика мен топонимикада лингвистикалық шындықтың барлық салаларын көрсететін үлкен нақты материал жинақталған. Зерттеушілер тілдің құрылымдық элементтеріне ғана назар аударатырып, топонимиканың дамуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын табуға тырысқан дәстүрлі бағыттардың көптеген жұмыстары бар. Сонымен, номинациялардың негізінде кездейсоқ таңдалған мотивациялық белгі жатыр деп есептелді, сондықтан номинативті процестердегі заңдылықтарды іздеу нақты лингвистикалық формаларды анықтауға бағытталған. Алайда, қолда бар фактілерді түсіндірудің жаңа тәсілдері маңызды бола түсуде.

Топонимнің тарихилығы атауда көрсетілген белгіні анықтау топонимикалық жүйені құратын ұжымның әлеуметтік - тарихи даму деңгейімен анықталатындығымен байланысты. Жер-су атауларының әртүрлілігі мол болса да, іс жүзінде үлгілер жиынтығы өте шектеулі. Көптеген қайталанатын топонимдер бар екенін білеміз: алынған материалдың аумақтық шекаралары неғұрлым кең болса, соғұрлым көп қайталанады. Біртұтас мәдениет, ұқсас географиялық жағдайлар адамдардың қоршаған әлем туралы негізгі, анықтаушы белгілердегі идеялары ұқсас. Әр түрлі аумақтарда номинацияның мотиві ретінде географиялық объектінің бірдей белгісін таңдау үшін психологиялық алғышарт жасалады. Номинация кезінде қоғамдық қатынастардың төменгі деңгейінде болған адамдар берген атаулар көбінесе көрнекі және бейнелі болып табылады, ал оқиғаларды көрсететін топонимдер егіншілікке қарағанда көшпелі өмірмен көбірек байланысты. Топонимдердің пайда болуының бірінші кезеңі "прагматикалық" деп аталады, өйткені топонимия шаруашылық мақсатқа сәйкес келетін нәрсені дәйекті түрде көрсетеді. Номинацияның негізі - шаруашылық пайдалану объектісі ретінде географиялық шындық болып табылады. Осыған сәйкес ландшафт объектілері атаулар алады, атаусыз өзендер, көлдер, су қоймалары аз. Себебі ормандардың тереңдігінде, елді мекендерден алыс орналасқандары да су жолдары ретінде функционалды болады [1; 281-282].

Сөз болса да, атау болса да қоғамдағы негізгі қажеттіліктен пайда болады. Әр зат өзінің болмыстағы белгісіне не пішініне, т.б. байланысты атау алады. Сондықтан әрбір атауда өзіндік бір аталу себебі болады. Туынды сөз қандай тәсілмен жасалғанына қарамастан, «сөзжасамға қатысатын сыңарлардың мағынасы арқылы жаңа дериваттық мағына» пайда болады [3; 11]. Сөзжасамдық тәсіл болып табылатын аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі жер-су атаулары екі не одан да көп сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі және